

Ұлттық нейрохирургия орталығы" АҚ Инсульт мәселелері жөніндегі республикалық үйлестіру орталығының төмендегі мамандарының құрастырып шағарған

Адилбеков Е.Б., Табиев И.И.,
Кудайбергенова А.С., Мустафаева А.С.

Неврологиялық тапшылығы бар науқастар үшін үй жағдайында күтім мен оңалтудың тәжірибелік нұсқаулары

Қазақ тіліне аударып ұсынған: дәрігер невролог, реабилитолог, PhD :

Асылбек М.И

Шымкент қаласының штаттан тыс бас реабилитологы , MBA:

Лекеров Қ.М



**Шымкент
2022**

УДК: 616.831-005 : 615.82
ББК: 56.12 : 52.222.21

Рецензенттер:

1. Такенов Ж. Т. – м.г. к., невролог дәрігер, физиотерапевт, "Ұлттық нейрохирургия орталығы" АҚ-ның физиотерапия бөлімшесінің меңгерушісі.
2. Сыздықова Б. Р. – м.г. к., жоғары біліктілік санатты невролог дәрігер, шашыраңқы склероз және аутоиммунды аурулар орталығының басшысы, АМУ АҚ-ның неврология кафедрасының доценті.

Авторлар:

Адильбеков Е. Б. – Инсульт мәселелері жөніндегі Республикалық үйлестіру орталығының директоры, невролог, жоғары білікті санатты нейрохирург
Табиев И. И. – Оңалту жөніндегі "Аймақаралық клиникалық-диагностикалық орталық" МДДМ бас маманы, "Инсульт кезіндегі ерте нейрореабилитацияның өзекті мәселелері" "АҚДО" МДДМ біліктілікті арттырудың қосымша кәсіби бағдарламасының білім беру курсының жетекшісі (Қазан қ., Татарстан Республикасы), жоғары біліктілік санатты невропатолог-дәрігер.
Кудайбергенова А. С. – м.г. к., Қазақстан-Ресей медициналық университетінің дипломнан кейінгі білім беру институтының "Неврология және нейрореабилитация" білім беру курсының жетекшісі.
Мустафаева А. С. – PhD, реабилитолог дәрігер, біліктілігі жоғары санатты невролог дәрігер.

Суретші-иллюстратор: Табиева Анастасия (Алматы, Республика Казахстан).

Оқу құралын жасау кезінде И. И. Табеевтің (Қазан қ., Татарстан Республикасы, Ресей Федерациясы) авторлық фотосуреттері пайдаланылды.

Қазақ тіліне аударған (26.12.2022г): Асылбек М.И.(Шымкент)-
ОҚМА PhD доктораты, Медикер оңалту орталығының нейрореабилитолог дәрігері.
Лекерев Қ.М. Шымкент қаласының штаттан тыс бас реабилитологы.

Неврологиялық тапшылығы бар науқастарға күтім жасау және үйде оңалту бойынша практикалық құрал/ Адильбеков Е.Б., Табиев И.И., Кудайбергенова А.С. Мустафаева А.С. / Астана: "Ұлттық нейрохирургия орталығы" АҚ 2020ж-42с.

ISBN

Бас миы инсульті тек медициналық ғана емес, сонымен қатар оның жоғары таралуы мен мүгедектік пен өлім сияқты ауыр зардаптарға байланысты әлеуметтік маңызы бар мәселе болып табылады. Қан айналымы жүйесінің ауруларынан болатын өлім-жітім құрылымында инсульт жетекші орындардың бірін алады.

Инсультпен ауыратын науқасты оңалту технологиясының бұзылуы бірқатар асқинулардың дамуына әкеледі (буындардың ауырсыну дисфункциясы, спастика және т.б.), бұл аурудың ағымын нашарлатады, аурудың қолайлы болжамын азайтады және қосымша медициналық қолдауды-ботулинотерапия, миорелаксанттарды тағайындау, ауырсыну синдромын жеңілдетуді қажет етеді. Мұнда таңдаудың негізгі принциптері науқас үшін дәрі-дәрмектің максималды қауіпсіздігі және қолдану кезінде жанама әсерлерді азайту болып табылады.

Бұл практикалық иллюстрацияланған құралдар мамандарға (оңалту дәрігерлері, невропатологтар, физикалық терапия мамандары, оңалту медбикелері) және инсультты бастан кешірген науқастарға күтім жасаушыларға арналған.

УДК: 616.831-005 : 615.82
ББК: 56.12 : 52.222.21

Практикалық құрал "Ұлттық нейрохирургия орталығы" АҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен қаралды және мақұлданды (24.11.2020 ж. бастап №3 хаттама).

Мазмұны

Қысқартулар тізімі	4
Кіріспе	5
1-ТАРАУ. Инсульттан кейінгі өрескел неврологиялық тапшылығы бар науқасқа үйде күтім жасау шаралары	6
2 тарау. Инсульттан кейін неврологиялық жетіспеушілігі бар науқасты оңалту....	16
2.1. Жағдайды клиникалық модельдеу	16
2.2. Жалпы ақпарат	17
2.3. Науқасты төсекке мобилизациялау.....	17
2.3.1. Төсектегі бұрылыстар / Бұрылыстарды үйрету	18
2.3.2. Пассивті отыру / Төсекте аяқтарды төмен түсіріп отыруға үйрету.	18
2.4. Аяқ-қолдарды белсендіру.	21
2.4.1. Қолдарды белсендіру. Иық буынын мобилизациялау.....	21
2.4.2. Аяқтарды белсендіру.....	22
3- ТАРАУ. Инсульттан кейін орташа неврологиялық тапшылығы бар науқастарды оңалту.....	23
3.1. Жағдайды клиникалық модельдеу	23
3.2. Жалпы ақпарат	24
3.3. Науқасты "отыру"қалпында мобилизациялау.....	24
3.4. Қолдарды белсендіру.	27
3.5. Аяқтарды белсендіру.....	28
3.6. Науқастың мобильділігін жаттықтыру.	29
3.6.1. Науқастың "тұру" қалпында ауысуы.	29
3.6.2. Науқасты әлсіреген жағы арқылы төсектен орындыққа жылжыту.....	31
3.6.3. Науқасты күшті жағынан орындықтан төсекке жылжыту.....	32
3.7. Бір жақты қолдаумен жүру.	33
4- ТАРАУ. Инсульттан кейін жұтынуы бұзылған науқастарды оңалту.....	34
4.1. Жалпы ақпарат	34
4.1.1. Жұтыну функциясы бұзылған науқастарға арналған негізгі ұсыныстар.....	34
4.2 Жұтынуды жақсарту үшін өз бетінше жұмыс істеуге арналған жаттығулар.....	34
4.2.1. Тілді ынталандыруға арналған жаттығулар бойынша нұсқаулық.	34
4.2.2. Жұтыну функциясын жақсартатын жаттығуларға бойынша нұсқаулық;	35
4.2.3. Ерінге арналған жаттығулар бойынша нұсқаулық	36
4.2.4. Тілге арналған жаттығулар бойынша нұсқаулық	36
4.2.5. Көмейге арналған жаттығулар бойынша нұсқаулық.....	36
4.2.6. Артикуляциялық гимнастика бойынша нұсқаулық.....	36
4.3. Жұтылу бұзылыстарын емдеудің жаттықтыру әдістері.....	37
Қорытынды	40
Әдебиеттер тізімі:.....	41

Қысқартулар тізімі

ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

МРТ – Магнитті-резонансты томография

МРА – Магнитті-резонансты ангиография

Кіріспе

Жүрек-қан тамырлары аурулары 2013 жылы 17,3 миллионнан астам адам қайтыс болған өлімнің әлемдегі жетекші себебі болып табылады, мамандардың болжамы бойынша 2030 жылға қарай бұл сан 23,6 миллионнан астамға дейін өсетіні күтілуде. [1]. Өкінішке орай, бұл болжам елімізге де қатысты. Абсолютті сандарда жыл сайын біздің елімізде инсульттің 40 мыңнан астам жағдайы тіркеледі, оның ішінде алғашқы 10 күнде тек 5 мың адам және инсульттан кейінгі бірінші айда тағы 5 мың адам қайтыс болады [2]. Тірі қалғандар мен ауруханадан шығарылған науқастардың едәуір бөлігі, өкінішке орай, кейіннен тұрақты мүгедектерге айналады. Мұндай науқастардың 20-25% - ы басқалардың көмегінсіз қалыпты өмір сүре алмайды, нәтижеде бұл қоғам үшін де мәселе болып табылады [3].

"Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 9 қазандағы № 21381 бұйрығына сәйкес меншік нысанына қарамастан амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда, сондай - ақ үйде және санаторий - курорттық ұйымдарда медициналық оңалту көрсету тәртібі айқындалған.

Covid-19 бойынша әлемде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты амбулаториялық буын үлкен жүктемемен жұмыс істейді және қазіргі таңда қашықтықтан медициналық қызметтерді қолдану өзекті болып отыр. Мобильді бригадалардың жұмысы пациенттің тұрғылықты жері бойынша көшпелі нысанда медициналық оңалту қызметтерінің кешенін көрсету нысаны бола отырып, үлкен оңалту потенциалына ие. Әлеуметтік көрсеткіштер бойынша өз бетінше қозғала алмайтын және медициналық оңалту шараларын жалғастыруды немесе ұзақ жүргізуді қажет ететін пациенттер үшін бұл форма үздіксіз оңалту тәжірибесінде пайдалы болуы мүмкін.

Мобильді бригадалардың жұмысын жақсарту және қашықтықтан медициналық қызметтерді қолдану, сондай-ақ пациенттердің туыстарын оңалту іс-шараларына белсенді тарту үшін инсульт алған науқастарды үйде күту бойынша практикалық құралдарды әзірлеу маңызды болып отыр. ҚР ДСМ 15.08.2016 ж. №7 "медициналық оңалту, екінші кезең "II А оңалту" клиникалық хаттамасына сәйкес авторлар тобы осы тәжірибелік құралдарды әзірледі:

- "Инсультпен ауырған ауыр неврологиялық тапшылығы бар науқасқа үйде күтім жасау бойынша сұрақтар мен жауаптарға практикалық нұсқаулық".

- "Өрескел неврологиялық тапшылығы бар науқастарға күтім жасау және үйде оңалту бойынша практикалық нұсқаулық".

- "Орташа ауыр неврологиялық тапшылығы бар науқастарға арналған үйде күтім жасау және оңалту бойынша практикалық нұсқаулық".

- "Жұтынуы бұзылған науқастарға арналған үйде күтім жасау және оңалту бойынша практикалық нұсқаулық"

1 тарау. Инсульттан кейінгі өрескел неврологиялық тапшылығы бар науқасқа үйде күтім жасау шаралары

Инсульт – дегеніміз не?

Инсульт – бас миының белгілі бір аймағының қанмен қамтамасыз етілуі бұзылысы нәтижесінде неврологиялық бұзылулар пайда болатын ауру.

Инсульттің екі түрі бар – ишемиялық және геморрагиялық.

Геморрагиялық инсульт кезінде қан кету орын алады, оның себебі жарылған



тамыр болып табылады (№ 1 суретті қараңыз).

1-сурет. Бас миының рентгендік компьютерлік томографиясы (КТ) деректері бойынша мидың сол жақ жарты шарындағы жедел қан кету ошағы.


Қан тамырларының жарылуының ең көп тараған себебі-оның



қабырғасының патологиялық өзгеруі-**аневризма** болып табылады (№ 2 суретті қараңыз) [4].

2-сурет. Бас миы артерияларының магниттік-резонанстық ангиографиясы (МРА) бойынша бас миы қан тамырларының аневризмасының белгілері.

Ал **ишемиялық инсульт кезінде қан ұйындысы, эмболиямен немесе атеросклероздық бляшкамен тамырдың бітелуіне байланысты** бас миының белгілі бір аймағына қан жеткіліксіз түседі (№ 3 суретті қараңыз)



а) б)

3-сурет. Бас миының магнитті-резонанстық томографиясы (МРТ) деректері бойынша бас миының сол жақ жарты шарында қан тамырлары бітелуі нәтижесінде пайда болған жедел ишемияның (а) ошағы (б).

Инсультке қалай күдіктенуге болады?

Инсульт белгілері

Адамда инсультті анықтайтын айқын белгілер бар:

1. **Кенеттен себепсіз бас ауруы**, әсіресе **естен тану эпизодымен** бірге жүреді.
2. **Сөйлеудің бұзылуы**: қарапайым сөйлемді қайталауды сұраңыз (мысалы, "жаз келді") - егер адамда инсульт болса, сөз тіркестері айтуы қиындайды немесе мүлдем айта алмайды.
3. **Бет асимметриясы**: күлімсіреуін сұраңыз – инсульт кезінде күлімсіреу қисық болады, өйткені ауыздың бір бұрышы жоғары, ал екіншісі төмен болады.
4. **Тілдің асимметриялы орналасуы**: тілін шығаруын сұраңыз - инсульт кезінде тіл бір жағына қисаяды.
5. **Аяқ - қол бұлшықеттерінің әлсіздігі** (көбінесе бір жақты): екі қолды бір уақытта жоғары көтеруін сұраңыз-инсульт кезінде қолдар әртүрлі биіктікке көтеріледі, бір қол екінші қолға қарағанда баяу қозғалады.
6. **Кенеттен тепе-теңдік пен қозғалыс координациясының бұзылуы**: инсульт кезінде тербеліс, жүру кезінде тұрақсыздық, қолдар мен аяқтардағы сүйреген сияқты қозғалыстар пайда болуы мүмкін.
7. **Кенеттен көру қабілетінің бұзылуы**.

Инсульт кезінде не істеу керек?

Инсульт кезіндегі алғашқы көмек

Егер жәбірленушіде жоғарыда аталған белгілердің кем дегенде біреуі анықталса, жедел жәрдем шақырып, медициналық қызметкерлер тобының келуін жеделдету үшін диспетчерге белгілерді нақты сипаттау қажет.

Маңызды: инсульт кезінде өзін-өзі емдеуге немесе пациенттердің қалауын орындауға болмайды.

Дәрігерлердің шұғыл араласуы ғана мидың зақымдануын азайтуға көмектеседі және бұл аурудың одан әрі дамуына жол бермейді.

Науқасқа медициналық көмек неғұрлым ерте көрсетілсе, болжам соғұрлым қолайлы болады [5,12].

Инсульттан кейін науқастың жату қалпы қандай болуы керек?

Инсульттің болуы науқастың мүлдем қозғалмайтындығын білдірмейді, өйткені науқастың қозғалу қабілетінің жасанды түрде шектелуі сауығуды баяулататын өте күрделі асқынулардың дамуына әкеледі. Қазіргі уақытта инсультпен ауыратын науқастың төсектегі қалпына байланысты келесі нұсқалары қабылданды.

Арқамен жату қалпы.



№ 4-сурет. Арқамен жату қалпы.

Науқастың басы жалпақ, жоғары емес жастықта орналасады, мойны бүгілмеген, иықтары да жастықпен тіреледі. Параличке ұшыраған қол жастықта алақанын төмен қаратып, саусақтары денеден 10-150 бұрышпен түзетілген, шынтақ пен білек буындарында созылған. Салданған аяқ тізе буынында сәл бүгілген, салданған аяқта жамбас төмен түскен кезде аяқтың сыртқа айналуын болдырмау үшін жамбас кішкене жастықпен тіреледі (№ 4 суретті қараңыз).

Оң факторлар:

- Күтуші тарапынан науқасқа жақсы шолу;
- Тұрақты орнықты қалып.

Теріс факторлар:

- бронхтардың дренаждық функциясының нашарлауына, диафрагманың жоғары тұруына байланысты респираторлық (тыныс алу) функцияның жеткіліксіздігі, бұл өкпе көлемінің төмендеуіне және олардың төменгі бөліктерінің нашар желдетілуіне әкеледі;
- сілекеймен аспирацияның жоғары қаупі (оның тыныс алу жолына түсуі);


- ықтимал теріс рефлекторлық әсер (симметриялы және асимметриялық мойынның тоникалық рефлекстерін ынталануы нәтижесінде қолдың иілу және аяқтың жазылу тонусы артады);
- мойынның жоғары жастықта бүгілуі зақымданған жақта қолдың бүгілуі мен аяқтың жазылуын арттырады, бұл кон трактураның дамуына және тұрақтануына әкеледі;
- басын "сау" жаққа бұрған кезде, қарама-қарсы жақтағы қолдағы иілгіштердің тонусы артады, бұл оның патологиялық жағдайына әкеледі.
- науқас үшін қоршаған кеңістіктің нашар көрінісі;
- арқаны тегістеу-арқадағы ауырсыну пайда болуы мүмкін [12, 13].

Науқастың арқамен жату қалпының ерекшеліктері:

- науқастың басы ортаңғы сызық бойынша болуы керек;
- зақымдалған жақта дене тігінен;
- иықтарды жастықтармен тіреу керек (биіктігі 2-3 см);
- жамбасты туралау және ротацияны болдырмау (аяқтың айналуын) үшін екі бөксенің астындағы барлық буындарда жалпақ жастықтар (1,5–2 см) болуы керек, "ауру" аяғы сыртқа қарамауы қажет;
- салданған қолға жүк түспеуі (алақанға);
- салданған аяқтың табанының астында тіреудің болмауы (оң тірек рефлексінің әсерін болдырмау үшін - аяқтың жастықшасының қысымымен ынталандыру экстензорлардың тонусын арттырады).

"Зақымдалған" тарапты елемеу синдромының дамуын болдырмау мақсатында аяқ-қолды, денені және жамбасты екі жақты қолдау жүргізіледі.

"Сау" жақтағы қалып.



№ 5-сурет. Сау жақтағы қалып, 1-нұсқа.



№ 5-сурет. Сау жақтағы қалып, 2-нұсқа.

1-нұсқа.

Науқастың басы денемен ортаңғы сызық бойымен бірдей ыңғайлы қалыпта күйде, денесі сәл алға қарай бұрылуы керек. Салданған қол жастықта жатады иық буынында 90 бұрышпен бүгіліп, алға қарай созылады. Салданған аяқ жамбас пен тізе буындарында сәл бүгілген, балтыр мен табан жастықта жатады. "Сау" қол науқас үшін ыңғайлы қалыпта болуы керек. "Сау" аяқ тізе мен жамбас буындарында созылған (№ 5 суретті қараңыз).

2-нұсқа.

Науқастың басы жалпақ жастықта жатады. Салданған қол шынтақ буынында бүгілген, алақан төмен, саусақтар түзетілген. Қол жастыққа қойылады. Салданған аяқ тізе мен жамбас буындарында сәл бүгілген, жастыққа қойылады (№ 6 суретті қараңыз).

"Сау" жақтағы қалыптың **оң факторлары:**

- бронхтардың жеткілікті дренажын қамтамасыз ететін жақсы тыныс алу функциясы, диафрагма төмен орналасқан, өйткені іштің алдыңғы қабырғасы алға қарай бағытталып, өкпенің төменгі бөліктері жақсы желдетіледі;
- мойынның тоникалық рефлекстерінің әсері жойылады;
- арқаға ыңғайлы;
- сілекеймен аспирациялану қаупі азаяды.

Теріс факторлар:

- арқаның астына және зардап шеккен қолдың астына, сондай-ақ "жоғарғы" аяқтың астына жастықтар қажет;
- науқас сал ауруына шалдыққан жағымен "қысылған". Демек, бұл қалыпта ол ең дәрменсіз күйде болады.

Науқастың сау жақтағы **қалпының ерекшеліктері**

- науқастың басы денемен бір сызық бойында келеді;
- науқас ¼ емес, толығымен бүйірінде жатыр;
- дене қисық емес;
- зақымдалған иық алға қарай созылып, қол бүкіл ұзындына бойы тік қалыпта;
- "науқас" қолдың білезігі ортаңғы физиологиялық күйде, жастықтан салбырап тұрмайды;
- салданған қолда (алақанда) жүк түспейді, салданған аяқтың табанының астында тіреуші болмайды

Салданған жақтың қалты.

Нұсқаулық: биіктігі кереуеттің биіктігіне сәйкес келетін төсек алды үстел (табурет).

Науқастың басы ыңғайлы күйде, сәл бұрылған және арқа мен аяқтары жақтан жастықтармен тіреледі. Салданған қол толығымен табуретке сүйенеді, ол иық буынында 90 бұрышпен бүгіліп, сыртқа қарай ашылады, ал шынтақ пен білек буындарында ең үлкен жазылған қалыпта, саусақтар ашық болады. Салданған аяқ

жамбас буынында созылып, тізе буындарында сәл бүгіледі. "Сау" қол науқас үшін ыңғайлы (денеде немесе жастықта жатады) қалыпта болады. "Сау" аяқ жастықта "қадам" күйінде жатады (тізе және жамбас буындарында бүгілген, 1 - ші нұсқа), омыртқада ауырсыну сезімдері дамыған кезде (науқастың шағымдары немесе науқастың мазасыз мінез-құлқы, ауырсыну кезінде сөйлеу бұзылыстары кезінде дыбыстар шығару) аяқты бейтарап күйге келтіруге болады (2-ші нұсқа) (№ 7 суретті қараңыз) [6, 11].

1-нұсқа



2-нұсқа.



№ 7-сурет. Сал ауруына шалдыққан жақтағы қалып.

Сал ауруына шалдыққан жақтағы қалыптың **оң факторлары:**

- жақсы тыныс алу функциясы, аспирация қаупі аз;
- зардап шеккен жақтың тактильді стимуляциясы орын алады;ды;
- тоникалық мойын рефлекстерінің әсері болмайды;
- арқаға ыңғайлы;
- науқас белсенділікті сақтайды: көрпені, шаштарын және т. б. "сау" қолмен түзете алады.

Теріс факторлар:

- тонустың төмендеуіне және зардап шеккен жақтың трофикасының (метаболизм процестерінің) нашарлауына байланысты ойылулардың пайда болу қаупі артады;
- арқаның және "жоғарғы" жатқан аяқтың астына жастықпен мұқият төсеу қажет.

Науқастың салданған жақтағы **қалпының ерекшеліктері:**

- "ауру" иық алға көтерілген;
- "ауру" аяғы жамбас буынында тік қалыпта, тізе буынында сәл бүгілген;
- "ауру" қолдың алақанына жүк түспеуі;
- "ауру" аяқтың астында тіреудің болмауы;
- басы денемен бір сызық бойында орналасады [12,13].

Ішпен жату қалпы.

Бұл қалып буындардағы қозғалыс көлемі сақталған және иық буынында қозғалыс шектеуленген науқастарға арналған. Бұл позиция қолдың экстензорлы бұлшықеттері мен аяқтың июші бұлшықеттерінің қызметін қалпына келтіруге көмектеседі. Ішпен жату қалпы дененің тірек бөліктеріне, әсіресе құйымшақ пен кеуде қуысына қысымды төмендетеді. Бұл жамбас пен тізенің тік қалпын қамтамасыз етеді.

Теріс фактор:

– егде жастағы науқастарда және жүрек-қан тамырлары аурулары бар науқастарда жағдайының нашарлауы..

Инсультпен ауыратын науқастарды қалай тамақтандыру керек?

Абайлаңыз!

Жөтелдің дамуына ерекше назар аударылады, бұл қиындықтардың пайда болуын және тыныс алу жолдарын аспирациядан (тамақтың тыныс алу жолдарына түсуінен) қорғау белгілерін көрсетеді. Алайда, жұтыну бұзылыстары бар науқастарда жиі жөтел бас миына қатысты аурудың себепті туындамайды. Мұндай жағдайларда аспирацияның дамуын жіберіп алу өте оңай.

Жұтыну бұзылысы мен аспирацияның жоғары ықтималдығы сұйықтық ішу және тамақтану кезінде пайда болатын келесі белгілермен дәлелденеді:

- **Жұтығанға дейін, жұтыну кезінде немесе одан кейін жөтел немесе шашалу;**
- **Жұтыну кезінде немесе одан кейін дауыс сапасының өзгеруі, мысалы, "дымқыл" дауыс, " гүрлдеген " дауыс, дауыстың қарлығы, дауыстың уақытша жоғалуы;**
- **Тыныс алудың қиындауы, жұтығаннан кейін үзіліссіз тыныс алу;**
- **Шайнау кезіндегі қиындықтар;**
- **Сілекейдің ағуы немесе сілекейді жұта алмау;**
- **Тамақтану кезінде аузынан тамақтың түсуі (бұл науқастың ерні нашар жабылуының немесе тілінің қалыпты жоғары және артқа қозғалуының орнына жұтыну кезінде алға қарай итерілуінің салдары болуы мүмкін);**
- **Кекіру;**
- **"Түсініксіз" сөйлеу.**

Көбінесе инсульттан кейін аспирация (асқазан құрамындағылардың тыныс алу жолдарына "сорылуы") "тыныш" болуы мүмкін және байқалмайды. Бұл кезде жасырын аспирацияның белгілері, әсіресе үй жағдайында, бронхтар мен өкпенің жиі және ұзақ мерзімді аурулары болуы мүмкін.

Егер шашалу дамуына күдік болса, дәрігер міндетті түрде үйге шақырылады.

Тамақтану кезінде тамақтандырудың арнайы әдісі:

– дисфагия (жұтылу бұзылыстары) сипатына байланысты әр пациент үшін тағамның консистенциясын (пюре, кисель, йогурт және т. б.) және тамақтану жүйесін таңдау;

– тамақтану кезінде және одан кейін 20-30 минут бойы бас ұшының жоғары

қалпы;

- аздап жұтындыра отырып тамақтандыру;
- тамақ кесектерін жұтуды міндетті бақылау;
- тамақтандырылғаннан кейін ауыз қуысын тамақ қалдықтары мен сілекейден тазарту.

Тағам консистенциясының түрлері:

- құрғақ (тағамның бір бөлігі оңай ыдырайды);
- пюре:
 - қою (тағам бөлігі шанышқымен ұсталады);
 - жартылай сұйық (шанышқымен ұсталмайды);
- сұйықтықтар:
 - мусс/желе консистенциясы (сұйықтық шанышқымен ұсталады)
 - йогурт консистенциясы (сұйықтық шанышқыдан үлкен тамшылармен ағып кетеді)
 - сироп/кисель консистенциясы (сұйықтық шанышқыны орап алады, бірақ одан тез ағып кетеді)
 - сулы консистенция (сұйықтық шанышқыдан бірден ағып кетеді).

Жұтыну бұзылыстары бар науқастар үшін тамақ кесектерін қалыптастыру өте қиын, сондықтан **құрғақ тағам** (үгінділермен аспирация) және **сұйықтықты** (жұтыну рефлексі кешігеді) қабылдау аспирацияның даму тұрғысынан **қауіпті**. Егер жұтыну бұзылса, нан, печенье, крекер, жаңғақтар, сорпалар, шырындар, басқа да сусындарды қолдану ұсынылмайды..

Бұл науқасқа толығымен сұйықтықтан бермеу керек дегенді білдірмейді. Алайда, аурудың өткір кезеңінде сұйықтықтың консистенциясы науқастың жағдайына байланысты таңдалады.

Назар аударыңыз! Науқас ағзасының сусыздануы өте қауіпті! Клиникалық тұрғыдан бұл жағдай шөлдеу, әлсіздік, апатиямен көрінеді. Бас миы жасушаларының дегидратациясы спецификалық емес неврологиялық симптомдардың пайда болуын тудырады: психомоторлы қозу, сананың шатасуы, құрысулар, коматозды жағдайдың дамуы. Құрғақ тері, дене температурасының жоғарылауы, концентрацияланған зәрдің аз мөлшерде шығарылуы байқалады.

Су балансы науқастарда белгілі бір уақытта 24 сағат бойы есептеледі. Егер енгізілген сұйықтық мөлшері зәр, диарея, құсу, терлеудің жоғарылауы және т.б. сияқты шығындарға сәйкес келсе, онда бұл нөлдік су балансы ретінде түсіндіріледі, егер ол шығындардан асып кетсе, онда оң, егер аз болса, теріс.

Дененің суға деген қажеттілігін есептеу кезінде орташа мөлшерден есептеледі: 1 кг дене салмағына /24 сағ. 35-40 мл сұйықтық, температура 37°C - тан жоғары көтерілгенде, әр градусқа қосымша 500 мл сұйықтық қосылады [6,13].

Аурудың өткір кезеңінде, егер дәрігер зонд арқылы тамақтандыруды тағайындамаса, тамақтандыру үшін пюре мен қою консистенциялы сұйықтықты (мусс, йогурт, кисель, айран) қолданған жөн,

оны пациенттер әлдеқайда оңай жұтады, өйткені бұл тағамдар мұрын жұтқыншақ арқылы баяу өтеді және осылайша жұтыну басталғанға дейін дайындыққа көбірек уақыт қалдырады.

Жұтыну бұзылысы бар науқастың тамақтануы қою қоректік қоспалардан басталуы керек, содан кейін біртіндеп, жұтыну функциясы қалпына келген сайын, сұйық тағам түрлеріне көшіріледі. Науқастың жұтыну функциясы қалпына келмес бұрын, әдеттегі консистенциялы сұйықтықтардан (су, шырындар, шай, сүт) аулақ болу керек.

Егер пациент сұйықтықты өте нашар жұтса, қатты тағамға сұйықтық қосып, тағамды сұйық пюре консистенциясына дейін жеткізіп беруге болады.

Кез келген консистенциядағы тағамды дайындауға болатын өнімдер :

- Көкөністердің тамыр дақылдары: езілген репа, брюква, ақжелкен, сәбіз, картоп.
- Көкөністер: гүлді қырыққабат, брокколи, авокадо.
- Картоп: қайнатылған, пісірілген, езілген (маймен).
- Ет: тартылған ет, өте ұсақтап туралған ет.
- Балық: тартылған немесе пісірілген. Соңғы жағдайда бір құрылымды балыққа артықшылық беріледі, мысалы, камбала, сардина, соның ішінде томат тұздығында (балықтар мен треска сияқты қабатты құрылымды балықтар онша қажет емес, өйткені олар әдетте тым қатты болады).
- Жұмыртқа: омлет.
- Жемістер: банан, пісірілген алма, алмадан жасалған пюре, піскен алма, піскен алмұрт.
- Десерттер: жұмсақ шербет, мусс, желе, күріш немесе бұршақ пудингтері, қою йогурт, жұмыртқа кремі.
- Сүт өнімдері: жұмсақ ірімшіктер.
- Жарма: сұлы, басқа жармаларды сүтпен қайнату керек [6,13].

Инсульппен ауыратын науқасты назогастральды түтік арқылы қалай тамақтандыруға болады?

Назогастральды зонд арқылы тамақтандыру ережелері:

- тамақтану кезінде және одан кейін 20-30 минут бойы бас ұшының жоғары қалпы;
- Жане шприцінің көмегімен тағамдық болюсті біртіндеп енгізу (көлемі 50 мл - ден аса).

Шприцке тағамдық болюсті құюға немесе оны поршеньмен қысыммен енгізуге болмайды. (!) Мұндай жылдам енгізу асқазан қабырғаларының созылуына әкеледі, тиісінше тез жиырылады және аспирацияның дамуымен зонд немесе өңеш арқылы тамақтың кері ағуын тудырады.

Энтеральды тамақтанудың өлшенген мөлшерін ас қорыту функциясы сақталған кезде белгілі бір уақыт аралығында Жане шприцімен баяу енгізу керек.

Енгізу жылдамдығы 30 мл/мин аспауы керек, Жане шприцімен шамамен тамақтандыру схемасы: 10,0 мл қоректік қоспа аз қысыммен енгізіледі, содан кейін 15-20 секундқа үзіліс жасалады.

Ұсыныс: 200-250 мл тағамдық қоспаның мөлшері сорпаның орташа тәрелкесінің көлеміне сәйкес келеді. Есіңізде болсын, қандай жылдамдықта және қандай уақытта Сіздің туысыңыз әдетте бір тәрелке сорпаны жейді. Жане шприцінің тағамдық қоспасын қасықпен қолдың қозғалыс ұзақтығына сәйкес келетін үзілістермен бірдей уақыт аралығында енгізуге тырысыңыз.

Тамақтану жиілігі күніне 5-6 рет.

- Асқазанға көлемі 250-300 мл-ден асатын тағамдық болюсті енгізу ұсынылмайды; үлкен көлемдерді енгізу тамақтың кері ағуы мен аспирация қаупін арттырады.
 - Зондты үнемі сумен шайыңыз:
 - ұнтақ ерітінділерін қолданған кезде-әр 4 сағат сайын;
 - сұйық дайын қоспаларды қолданған кезде-әр 6-8 сағат сайын.
 - Ұнтақтан дайындалған ерітінді 4 сағат ішінде, бөтелкедегі дайын стерильді ерітінді-8 сағат ішінде, пакетте қолданылуы керек
 - 24 сағат.
 - Қолданылатын ерітінді жылы болуы керек.
- Назогастральды зондтың орналасу ұзақтығы 3 аптаға дейін екенін атап өткен жөн [8, 9, 13].

2 тарау. Инсульттан кейін неврологиялық дефициті бар науқасты оңалту

2.1. Жағдайды клиникалық модельдеу

Клиникалық модель:	Ривермид мобильділік Индексі бойынша бағалау 0-1 балл Рэнкин модификацияланған шкаласы бойынша бағалау 4-5 балл.
	Неврологиялық статуста сөйлеу немесе когнитивті бұзылуларға байланысты өнімді байланыс сақталады немесе айтарлықтай төмендейді, қозғалғыштықтың өрескел тапшылығы байқалады (аяқ, дене бұлшықеттерінде, 1-2 баллға дейін бір жақты гемипарез) [6,11].

Өзекті мәселелер	Асқинулардың дамуының мүмкін болатын қаупі	Оңалту бойынша іс-шаралар	Көмекші құралдар
Төсекте науқастың қимыл қозғалысының болмауы немесе төмен қимыл қозғалысы: - бұрыла алмайды немесе тек зақымданбаған жаққа бұрыла алады; - төсекте өз бетінше отыра алмайды - пассивті отырғаннан кейін өзін "отырған" қалыпта ұстамайды (бүйіріне немесе артына құлап кетеді).	- Ойылулар. Пневмония - Зақымдалған иык буынындағы ауырсыну - Бұлшықеттердің спастикасы және салданған аяқ-қол буындарының контрактурасы. - Бір орыннан екінші орынға ауысу кезінде науқастың жарақаттануы - Науқасты жылжыту кезінде күтушінің жарақаттануы	- "Жатқан" қалыпта орналасу - "Отырған" қалыпта орналасу - Аяқ-қолдардың қимыл - қозғалысын белсендіру - Пациенттің қауіпсіз орын ауыстыру техникасын сақтау	- Жастықтар, көрпелер - Табуретка/үстел - Тығыз көрпе - Жылжымалы жең

2.2. Жалпы ақпараттар

2-1 сурет. Науқас бөлмесі үшін ұсынылатын жабдықтар



1. Төсек
2. Төсек жанындағы үстел
3. Төсек жанындағы кресло / төсек жанындағы орындық
4. Төсек жанындағы дәретхана

Ескерту:

Кереуеттің екі жағынан да кіруге мүмкіндік болатынжай жағдай жасау қажет [11].

2.3. Науқастың төсектегі мобилизациясы .



2-2 сурет. Арқасымен бастапқы қалыпта. Науқас төсектің ортасында арқамен жатыр.

2.3.1. Төсектегі бұрылыстар / Бұрылыстарды үйрету.



2-3 сурет. Күтуші науқастың екі аяғын тартады/ Науқас күтушінің көмегімен екі аяғын тартады.



2-4 сурет. Күтуші бір қолмен тізені тұрақтандырады және науқастың жамбасын ұстайды.



2-5 сурет. Екінші қолымен жауырынды тұрақтандырады және пациенттің бұрылуын команда бойынша бағыттайды.

2.3.2. Пассивті отыру / Төсекте аяқтарды төмен түсіріп отыруға үйрету.

Пациентпен байланыс болған жағдайда бұрылу дағдыларын меңгергеннен кейін жүргізіледі.

Сау жақ арқылы отырғызу.



2-6 сурет. Күтуші жамбас пен жауырынды тұрақтандырады. Науқас зардап шекпеген аяқтың табанымен зардап шеккен аяқты төсектің шетіне қарай итереді [7].



2-7 сурет. Дені сау жағынан отырғанда науқас зардап шекпеген қолымен отыру қалпына икемделеді.



2-8 сурет. Күтуші науқасты зардап шеккен жағынан тұрақтандырады, бүгілген аяқтарын түзетеді және еденге қояды.

Зардап шеккен жағы арқылы отырғызу.



2-9 сурет. Күтуші жамбас пен жауырынды тұрақтандырады.



2-10 сурет. Науқас зардап шеккен қолымен отырған қалыпқа икемделеді.



2-11 сурет. Күтуші науқасты зардап шеккен жағынан тұрақтандырады, бүгілген аяқтарын түзетеді және еденге қояды.

Пациенттің денесін "отырған" қалыпта ұзақ уақыт тұрақтандыру кезінде қолда бар құралдарды қолдану (тамақтану үшін, телебағдарламалар көру және т.б. үшін) [7].



2-12 сурет. Пациенттің денесін қолда бар құралдармен тұрақтандырудың мысалы.

Науқастың денесін төсек жанындағы орындықпен тұрақтандыру кезінде арқа тараптан тұрақтылық орындыққа отыру арылы, ал зардап шеккен жағынан – арқасы арқылы қамтамасыз етіледі. Қосымша құралдар-жастықтар, кеңістіктегі дененің орналасуының симметриясын қамтамасыз ететін және қолды ұстауға арналған төсек жанындағы үстел (иық буынының жарақаттану қаупі азаяды) [7].

Аяқ-қолдарды белсендіру.

2.4.1. Қолдарды белсендіру. Иық буынының мобилизациясы



2-13 сурет. Күтуші бір қолымен жауырынды, ал екінші қолымен шынтак буынының деңгейінде қамтып-орап алады алады.



2-14 сурет. Күтуші науқастың қолын 90-қа дейін көтереді, содан кейін қайтып келеді. Егер қолда әлсіз қозғалыстар болса, пациент өз бетінше көтернлуге тырысуы керек, ал күтуші бұл қолды қозғалыс бағытында қолдауды қамтамасыз етеді.



2-15 сурет. Күтуші науқастың қолын 90-қа дейін сыртқа қарай әкетеді, содан кейін қайтып оралады. Егер қолында әлсіз қозғалыстар болса, пациент өзін-өзі алып кетуге ұмтылуы керек, күтуші сонымен қатар қозғалыс бағытында тиісті қолды қолдауды қамтамасыз етеді [7,10].

Шынтак буынының мобилизациясы.



2-16 сурет. Күтуші зардап шеккен қолды шынтактан төмен тұрақтандырады, ал екінші қолымен науқастың білегін ұстайды.



2-17 сурет. . Күтуші науқастың қолын шынтағында бүгіп, маңдайына, құлағына және аузына кезектесіп бағыттайды.

2.4.2. Аяқтарды белсендіру.



2-18 сурет. Бастапқы қалып. Науқас төсектің ортасында жатыр. Күтуші зардап шеккен жағында тұрады, науқастың аяғы мен өкшесін артқы жағынан қолдайды



2-19 сурет. Науқас төсектің ортасында жатыр. Күтуші зардап шеккен жағында тұрып, зардап шеккен аяқты бірнеше рет ақырын бүгіп, жазады.



